Аңдатпа. Қырғызстан халқын физиологиялық қажеттіліктерге қажетті мөлшерде йодпен қамтамасыз ету үшін осы микроэлементпен байытылған тұз пайдаланылады, бірақ ондағы йод мөлшерін бақылау өте қиын. Йодталған тұзға салыстырғанда йодпен бай жаңғақ жапырағы сығындысымен байытылған ашытылған сүт өнімдері болуы мүмкін. Қырғызстандағы жаңғақ жергілікті өсімдік болып табылады, ол Қырғызстанның барлық аймақтарында еркін өседі, бірақ оның өсімдік шикізаты тағамдық технологияда пайдаланылмайды. Бұл мақалада жаңғақ жапырағы сығындысы қосылған бұлғанған сүзбе десертін дайындау технологиясы талқыланады. Сүзбе десертіннің рецептіне кептірілген және ұсақталған жаңғақ жапырақтарының сығындысын қосу олардың органолептикалық қасиеттерін төмендетпейді, және органикалық йодтың көп болуына байланысты бұл өнімді диетаны байыту және йод тапшылығының алдын алу үшін пайдалануға болады.

Тірек сөздер: ашытылған сүт өнімдері, йод тапшылығы, технология, йод мөлшері.

O.I. Bolger¹, G.E. Sariyeva¹, F.B. Sariyev¹

¹Issyk-Kul State University named after. K. Tynystanov, Karakol, Republic of Kyrgyzstan

ENRICHMENT OF FERMENTED MILK PRODUCTS WITH IODINE FOR THE PURPOSES OF PREVENTION AND TREATMENT OF IODINE DEFICIENCY

Abstract. To provide the population of Kyrgyzstan with iodine in the amount necessary for physiological needs, salt enriched with this microelement is used, but the amount of iodine in it is very difficult to control. A good alternative to iodized salt can be fermented milk products enriched with walnut leaf extract, rich in iodine. Walnut is a local plant in Kyrgyzstan; it grows freely in all regions of Kyrgyzstan, but its plant raw materials are not used in food technology. This paper discusses the technology for preparing whipped curd dessert with the addition of walnut leaf extract. Adding an extract from dried and crushed walnut leaves to the recipe for curd dessert does not impair their organoleptic properties, and due to the high content of organic iodine, this product can be used to enrich the diet and prevent iodine deficiency.

Keywords: fermented milk products, iodine deficiency, technology, iodine content.

References

1. Iodine, endemic goiter and iodine deficiency diseases [Electronic resource]. – Access mode: http://thyronet.rusmedserv.com/th_pati/iod-patient.html, [in Russian].
2. Abdulhabirova F.M., Bezlepkina O.B., Brovin D.N., Vadina T.A., Mel'nichenko G.A., Nagaeva E.V., Nikankina L.V., Peterkova V.A., Platonova N.M., Rybakova A.A., Soldatova T.V., Troshina E.A., SHiryayeva T.YU. Klinicheskiye rekomendatsii «Zabolevaniya i sostoyaniya, svyazannyye s defitsitom yoda» [Clinical guidelines "Diseases and conditions associated with iodine deficiency"] // Problemy endokrinologii [Endocrinology problems], 2021. No. 67 (3). P. 10-25, [in Russian].
3. Ministry of Health: In Kyrgyzstan, there is a high incidence of disease due to iodine deficiency [Electronic resource]. – Rezhim dostupa: https://www.vb.kg/doc/267024_minzdrav, [in Russian].
4. Sultanalieva R.B., Bejshekeeva B.I., Gerasimov G.A. Ocenka obespecheniya jodom pitaniya beremennyh i kormyashchih zhenshchin v Kyrgyzstane [Assessment of the provision of iodine in the diet of pregnant and lactating women in Kyrgyzstan] // Klinicheskaya i eksperimental'naya tireoidologiya [Clinical and experimental thyroidology], 2016. No. 12 (1). P. 34-37, [in Russian].
5. Sultanalieva R.B., Mamutova S.K. Sostoyanie problemy jodnoj nedostatochnosti v Kyrgyzstane [State of the problem of iodine deficiency in Kyrgyzstan] // Problemy endokrinologii [Problems of endocrinology], 2003. No. 49 (3). P. 26-28, [in Russian].
6. Orlova O.YU., Pilipenko T.V., Nilova L.P., Nikulina M.V. Tradicionnye i perspektivnye rastitel'nye istochniki joda dlya obogashcheniya pishchevyyh produktov [Traditional and promising plant sources of iodine for food fortification] // Nauchnyj zhurnal NIU ITMO [Scientific journal NIU ITMO], 2015. No. 4. P. 26-34, [in Russian].
7. Krasina I.B., Skvirya M.A., Prudnikova T.N., Pushkova E.N. List'ya greckogo orekha – perspektivnoe jodosoderzhashchee syr'e dlya konditerskoj promyshlennosti [Walnut leaves are a promising iodine-containing raw material for the confectionery industry] // Izvestiya VUZov. Pishchevaya tekhnologiya [News of Universities. Food technology], 2007. No. 4. P. 49-50, [in Russian].
8. Sariyeva G.E., Turdieva M.K., Ajtbaeva ZH.T., Kadyrkulova S.K., Kachekova SH.K., Kudajbergenova A.K. Sohranenie raznoobraziya sortov mestnyh fruktovyh derev'ev i dikih yagod v Issyk-Kul'skoj oblasti Kyrgyzstana [Preserving the diversity of local fruit trees and wild berries in the Issyk-Kul region of Kyrgyzstan] // Ovoshchi Rossii [Vegetables of Russia], 2019. No. 3. P. 109-115, [in Russian]. <https://doi.org/10.18619/2072-9146-2019-3-109-115>.

FTAMP 65.35.91

А.Ж. Оразов¹ – негізгі автор, | ©
Г.З. Каирғалиева², Д.С. Жаксығалиева³, А.Қ. Амантай⁴



¹Техн. ғылым. канд., доцент м.а., ²Магистр, аға оқытушы,
³Магистр, оқытушы, ⁴Магистрант

ORCID

¹<https://orcid.org/0000-0003-2191-1295> ²<https://orcid.org/0000-0002-6941-4805>
³<https://orcid.org/0009-0008-3646-0259> ⁴<https://orcid.org/0009-0004-7252-0934>



^{1,2,3,4}Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті,



Орал қ., Қазақстан



¹orazov_avan@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/TXSM4071>

ҚАНТТЫ ПЕЧЕНЬЕНІҢ ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫНА ГҮЛ ТОЗАҢЫНЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа. Зерттеу жұмысында қантты печеньеңің тағамдық құндылығын арттыру үшін биологиялық белсенді шикізат ретінде гүл тозаңының әсері зерттеліп, тағамдық құндылығы жоғары қантты печеньеңің рецептурасын әзірлеу нәтижелері келтірілген. Құрамында қант, флавоноидтар, дәрумендер, минералдар және маңызды аминқышқылдары бар гүл тозаңын биологиялық белсенді шикізат ретінде қолдану мүмкіндігі көрсетілген. Қантты печеньеңі өндіруде жоғары сұрыпты бидай ұнына 3 г, 5 г, 7 г, 9 г мөлшерінде гүл тозаңы енгізілді. Гүл тозаңы қосылған қантты печеньеңің физико-химиялық көрсеткіштері, тағамдық және биологиялық құндылығы анықталған. Дайын өнімнің ақуыз мөлшері 0,31%, май 3,44%, көмірсу 15,48% артты. Зерттеу нәтижелеріне сүйене келе, гүл тозаңын қантты печеньеңге қолдану, өнімнің тағамдық құндылықтарын жоғарылатып, өнімге ерекше дәм мен хош иіс берді. Қантты печеньеңге гүл тозаңын қосу өнімді дұрыс тамақтануға бағытталған тұтынушылар үшін пайдалы ете отырып, өнімнің тұтынушылық қасиеттерін жақсартты.

Тірек сөздер: ұнды кондитерлік өнім, қантты печенье, гүл тозаңы, дәстүрлі емес шикізат, тағамдық қоспа.



Оразов, А.Ж. Қантты печеньеңің тағамдық құндылығына гүл тозаңының әсері [Мәтін] / А.Ж. Оразов, Г.З. Каирғалиева, Д.С. Жаксығалиева, А.Қ. Амантай // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №2(84). – Б.44-53. <https://doi.org/10.55956/TXSM4071>

Кіріспе. Тамақтану – адам денсаулығына, жұмысына, шығармашылығына, белсенділігі мен өмір сүру ұзақтығына үлкен әсер ететін негізгі факторлардың бірі, өйткені барлық қажетті қоректік заттар ағзаға тағаммен бірге сіңеді [1]. Метаболизм нәтижесінде қоректік заттар жасушалардың құрылымдық элементтеріне айналады, адамды қажетті энергиямен қамтамасыз етеді.

Сондай тағамдардың бірі, адам ағзасы үшін маңызды тағамдық заттардың дәстүрлі көзі – ұнды кондитерлік өнімдер. Мұндай өнімдерге, әдетте қант мөлшері көп, жоғары калориялы және сіңімді, жағымды дәмі,

хош иісі және тартымды сыртқы көрінісі бар тағамдар жатады [2]. Дегенмен, ұнды кондитерлік өнімдердің көпшілігінің құрамында ақуыздың, алмастырылмайтын аминқышқылдарының, дәрумендердің, минералдардың және адамның тамақтануы үшін басқа да физиологиялық маңызды компоненттердің жеткілікті мөлшері аз. Заман талаптарына сәйкес тағам өнімдері, оның ішінде кондитерлік өнімдер бос калория тасымалдаушысы емес, белгілі бір функционалды фокусқа ие болуы керек [3]. Ол үшін кондитерлік өнімдердің құрамына өнімнің органолептикалық қасиеттерін жақсартатын, тағамдық және биологиялық құндылығын арттыратын, бірақ калория мөлшерін азайтуға көмектесетін функционалды ингредиенттерді, микронутриенттерді, биологиялық белсенді шикізаттарды қолдану қажет [4].

А.С. Лоцманов, Г.И. Назимова, А.С. Романов ғалымдарының зерттеулерінде гүл тозаңының химиялық құрамы көрсетілген, ондағы ақуыздардың мөлшері орташа есеппен 33%, көмірсулар 30%, құрғақ заттар 76% құраған. Ал талшық тозаң дәндерінің қабығында целлюлоза түрінде 1-3% дейін кездессе, крахмал мөлшері 7% дейін жеткен [5].

А.Н. Медянцева, Н.Г. Кудрявцева ғалымдарының зерттеулерінде гүл тозаңындағы май қышқылдық құрамы пальмитин қышқылына 34.9% және 33.4% және 12.1% мөлшерінде полиқанықпаған линолен ω -3 және линол ω -6 қышқылын құрайтынын көрсеткен [6]. Полиқанықпаған май қышқылдары қандағы холестерин концентрациясының төмендеуіне, оны ағзадан шығаруға ықпал етеді, сондықтан атеросклерозға профилактикалық және емдік әсер етеді [7].

З.А. Канарская, Ф.К. Хузин, А.Р. Ивлева, В.М. Гематдинова ғалымдарының жұмыстарында гүл тозаңындағы маңызды аминқышқылдарының толық жиынтығы бар екені зерттелген. Лейцин, аланин және пролиннің көп мөлшерде кездесетінін атап өткен [8].

Маңызы дәлелденген гүл тозаңын ұнды кондитерлік өнімдерге қосу оны байытудың ең перспективалы жолы болып табылады. Гүл тозаңы – балшырындар мен ара бездерінің секрециясы қосылған тозаң дәндерінен алынатын омарта шаруашылығының өнімі [9-11]. Гүл тозаңының құрамы күрделі және бай, ағзаның өсуі мен дамуына қажетті барлық қоректік заттарды қамтиды, бірақ оның химиялық құрамы өзгермелі, ол өсімдік түріне, гүлдену кезеңіне, географиялық жағдайларға және жинау мерзіміне тәуелді [12,13]. Сондықтан, зерттеу жұмысында қантты печененің тағамдық құндылығын арттыру үшін жоғары сапалы бидай ұнына ұтымды мөлшерде гүл тозаңын енгізу ұсынылып отыр. Жұмыстың мақсаты – қантты печенье технологиясында тозаңды биологиялық белсенді шикізат ретінде және тағамдық құндылығын арттыру үшін қолдану мүмкіндігін зерттеу.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеулер ЖШС «Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институтында», АҚ «Алматы технологиялық университетінде» және Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Тағам және қайта өңдеу өндірістерінің технологиялары» жоғары мектебінің зертханаларында жүргізілді.

Технологиялық нұсқауларға сәйкес жоғары сұрыпты ұннан жасалған қантты печененің рецептурасы мен дайындау режимі негіз ретінде алынды. Зерттеу нысаны – бақылау үлгісі мен ұн массасына гүл тозаңының 3 г, 5 г, 7 г, 9 г дозаларын қолдану арқылы жасалған қантты печенье. Сәйкесінше үлгілерге келесідей нөмірлер берілді: бақылау және №1, №2, №3, №4 үлгілер. Жұмыста жалпы қабылданған зерттеу әдістері қолданылды:

- Гүл тозаңының органолептикалық сапа көрсеткіштері ГОСТ 28887-90 «Гүл тозаңы. Техникалық шарттар» бойынша;
 - Қантты печеньелердің органолептикалық сапа көрсеткіштері ГОСТ 4901-2014 «Печенье. Жалпы техникалық шарттары» бойынша;
 - Қантты печеньедегі ақуыздың массалық үлесін анықтау әдісі ГОСТ 34551-2019 «Кондитерлік өнімдер. Ақуыздың массалық үлесін анықтау» бойынша;
 - Көмірсу мен майдың массалық үлесін анықтау әдістері ГОСТ 25832-89 «Диеталық нан-тоқаш өнімдері. Техникалық шарттары» бойынша;
 - Аминқышқылдық құрамы ГОСТ 55569-2013 «Жем, құрама жем, құрама жем шикізаты. Протеиногенді аминқышқылдарын капиллярлық электрофорез әдісімен анықтау» бойынша;
 - Майқышқылдық құрамы ГОСТ 30418-96 «Өсімдік майлары. Май қышқылының құрамын анықтау әдістері» бойынша жүргізілді.
- Гүл тозаңы ұсақталған күйде қолданылды, ол үшін гүл тозаңы Kenwood multipro микромельницасында 25-30 секунд ұнтақтау арқылы алынды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ұнды кондитерлік өнімдердің сапа көрсеткіштерін бағалау – бұл өнімнің сапасына кіретін бір немесе бірнеше қасиеттерінің сандық сипаттамасы, оны құру мен пайдаланудың немесе тұтынудың белгілі бір шарттарына қатысты қарастырылады [14]. Зерттеу бірнеше кезеңдерге бөлінді:

I кезең: биологиялық белсенді шикізат гүл тозаңының органолептикалық көрсеткішін бағалау;

II кезең: бақылау, №1, №2, №3, №4 үлгілерінің рецептурасын құрастыру;

III кезең: үлгілердің органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштерін бағалау;

IV кезең: бақылау үлгісі мен №1 үлгісінің аминқышқылдық және майқышқылдық құрамын зерттеу.

Органолептикалық талдаудың басты артықшылығы – ең аз шығындармен мүмкіндігінше қысқа мерзімде тағамның қасиеттері туралы түсінік алу мүмкіндігі. Бағалаудың бұл түрі шикізаттың, өнімнің сапасын тез және қарапайым бағалауға, рецептураның бұзылуын, ыдыс-аяқтарды өндіру және жобалау технологиясын анықтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде анықталған кемшіліктерді жою үшін шараларды алдын алуға өте тиімді. Зерттеудің бірінші кезеңінде гүл тозаңының органолептикалық көрсеткіштері анықталды (1-кесте).

Кесте 1

Гүл тозаңының органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	ГОСТ 28887-90 «Гүл тозаңы. Техникалық шарттар»	Тәжірибелі гүл тозаңы	Сәйкестігі
1	2	3	4
Сыртқы түрі	Дәнді, оңай сусымалы	Дәнді, оңай сусымалы	Сәйкес
Консистенциясы	Қатты, саусақпен иленбейді, қатты затпен басқанда тегістеледі немесе жартылай ыдырайды.	Қатты, саусақпен иленбейді, қатты затпен басқанда тегістеледі немесе жартылай ыдырайды.	Сәйкес

1-кестенің жалғасы

Дәндерінің мөлшері	1,0-4,0	2,0-3,0	Сәйкес
Түсі	Сарыдан күлгін және қараға дейін	Түрлі түсті дәндер – сарыдан қою күлгінге дейін	Сәйкес
Иісі	Арнайы бал иісі, тозаңға тән иіс	Спецификалық, балдың айқын иісі	Сәйкес
Дәмі	Хош иісті, тәтті, ащы немесе қышқыл болуы мүмкін	Хош иісті, тәтті, ащы-қышқыл дәм	Сәйкес
Механикалық қоспалардың массалық үлесі, %, артық емес	0,1	Табылмады	Сәйкес


1-кестедегі деректер гүл тозаңының ГОСТ 28887-90 көрсеткіштеріне сәйкес келетінін көрсетті, бұл зерттеуді әрі қарай жалғастыруға және оны биологиялық белсенді шикізат ретінде пайдалануға мүмкіндік берді.

Қантты печеньенің органолептикалық көрсеткіштерінің өзгеруін анықтау үшін гүл тозаңының мөлшерінің дайын өнімнің көрсеткіштеріне әсері зерттелді. Ол үшін ұнның бір бөлігі 3 г, 5 г, 7 г, 9 г мөлшерінде биологиялық белсенді гүл тозаңымен ауыстырылды (2-кесте). Дайын қамырлар 1-суретте көрсетілген.

Кесте 2

Қантты печенье рецептуралары


№	Шикізат атауы	Шикізаттар мөлшері, г				
		Бақылау үлгісі	№1	№2	№3	№4
1	Бидай ұны ж/с	150	147	145	143	141
2	Сары май	80	80	80	80	80
3	Ванильді қант	10	10	10	10	10
4	Жұмыртқа сарысы	20	20	20	20	20
5	Қант ұнтағы	30	30	30	30	30
6	Крахмал	20	20	20	20	20
7	Қопсытқыш	8	8	8	8	8
8	Тұз	2	2	2	2	2
9	Барлығы:	320	320	320	320	320




Сурет 1. Қантты печеньенің дайын қамырлары

Бақылау үлгісіне карағанда №1 және №2 үлгілерінің қамыры сарғыштау және қою сары реңк берді. Ал, №3 және №4 үлгілерінің қамыры қоңыр түске дейін боялды. Гүл тозаңының мөлшері өскен сайын дәнінің ұнтақтары қамырда айқын көрініс тапты. Ол дайын өнімнің пісу уақытына, кеуектілігіне, сынғыштығына және сыртқы түріне теріс әсерін берді.

Дайын өнімнің органолептикалық сапасын бағалау үшін әр үлгіден орташа сынама алынып, оның сыртқы түріне, формасына, түсіне, иісі мен дәміне және сынғыштығына сараптау жүргізіліп, зерттеу нәтижесі сурет 2,3 көрсетілген. №1, №2 үлгілерінде қантты печеньенің түсінің өзгеруі байқалады, ал №3, №4 үлгілерінде қантты печеньенің түсі күшейе түсті. Гүл тозаңының дозасын жоғарылату печеньелердің түс қарқындылығының өзгеруіне және дәміне айтарлықтай өзгерістер көрсетті. Балдың жағымды дәмінен айқын қышқыл дәмге дейін жетті. №2, №3, №4 үлгілер өнімнің пісу уақытына, дәміне, сынғыштығына, кеуектілігіне және тауарлық көрінісіне теріс әсерін берді.



Сурет 2. Гүл тозаңы қосылып пісірілген сынақ қантты печеньелер



Сурет 3. Үлгілердің органолептикалық сапа бағалауы

Дегустациялық бағалау нәтижелері бақылау үлгісімен салыстырғанда №1 үлгінің формасы, түсі және иісі мен дәмі ең жоғары баллдармен бағаланып, оңтайлы мөлшер ретінде тандап алынды. №1 үлгідегі қантты

печенье бал мен тозаңның жағымды хош иісімен, жұмсақ, біркелкі кеуекті болды. Сондықтан алдағы зерттеулер бақылау және №1 үлгілеріне жүргізілді.

Кондитерлік өнімдердің сапасын бағалау кезінде тұтынушылық қасиеттері, сондай-ақ физика-химиялық көрсеткіштері ескеріледі, олар өнімнің тағамдық құндылығын тез бағалауға мүмкіндік береді (3-кесте).

Кесте 3

Қантты печеньеңің физикалық-химиялық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің атауы	ГОСТ 24901-2014 «Печенье. Жалпы техникалық шарттар»	Бақылау үлгісі	№1 үлгісі
1	Ақуыз, %	5-10	8,00	8,31
2	Май, %	15-30	25,71	29,15
3	Көмірсу, %	40-70	44,76	60,24

Екі үлгінің сапалық көрсеткіштерін салыстыру кезінде №1 үлгісінің ақуыз мөлшері 0,31%, май 3,44% және көмірсу 15,48% жоғарылағанын атап өтуге болады. Гүл тозаңындағы ақуыздар, бос аминқышқылдары, көмірсулар, майлар, дәрумендер, макро және микроэлементтер, органикалық қышқылдар, фитогормондар, пигменттер тозаңның тұтас биологиялық белсенді кешенін құрайтындықтан осындай нәтиже көрсетті.

Рационалды тамақтанудағы маңызды рөл ақуыздарға тиесілі. Аминқышқылдарының құрамы мен тепе-теңдігі бойынша ақуыздар биологиялық тұрғыдан құнды, өйткені олардың сіңімділігі 90-95% құрайды [15]. Сол себепті, келесі кезеңде бақылау және №1 үлгілерінің аминқышқылдық құрамы зерттелді (4-кесте).

Кесте 4

Қантты печеньеңің аминқышқылдық құрамы

№	Аминқышқылдардың атауы	Аминқышқылдардың массалық үлесі, г/100г өнімде		
		ФАО/ДДҰ, 2011ж	Бақылау үлгісі	№1 үлгі
1	лизин	4,8	1,90	2,13
2	фенилаланин+тирозин	4,1	1,71	2,81
3	гистидин	1,6	1,91	2,53
4	лейцин	6,1	1,35	1,58
5	изолейцин	3,0	1,40	1,65
6	метионин+цистин	2,3	0,42	0,47
7	валин	4,0	1,01	1,19
8	треонин	2,5	2,00	2,87
9	триптофан	0,7	0,04	0,12

ФАО/ДДҰ ұсынған 2011 жылғы анықтамалық мәліметтер негізінде бақылау үлгісі мен №1 үлгісінің ақуыздық компонентіне есептеу жүргізілді. Бұл зерттеу эталондық ақуыздағы алмаспайтын аминқышқылдарының құрамына қатысты зерттелетін өнімдегі алмаспайтын аминқышқылдарының құрамының сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді. Жүргізілген есептеулердің нәтижесінде бақылау үлгісіне қарағанда №1 үлгісінің аминқышқылдығының мөлшері 13% артты. Сондықтан, №1 үлгісінің ақуыз компонентінің биологиялық құндылығы жоғары деген қорытынды жасауға болады. Гүл тозаңында аминқышқылдардың көп мөлшерде болуына байланысты осындай нәтиже көрсетті.

Өнімнің майлы компонентінің биологиялық құндылығы оның май қышқылдарының сапалық: қаныққан, моноқанықпаған және полиқанықпаған құрамымен сипатталады. Нутрицевтиканың қазіргі ережелеріне сәйкес полиқанықпаған май қышқылдары биологиялық құнды болып саналады. Осы зерттеу аясында бақылау үлгісі мен №1 үлгісінің майқышқылдары құрамы есептелді (5-кесте).

Кесте 5

Зерттелетін өнімдер майларының майқышқылдық құрамы

№	Майқышқылдарының атауы	Майқышқылдардың массалық үлесі, г/100г өнімде		
		Г.Г. Онищенко сәйкес тұтыну нормасы	Бақылау үлгісі	№1 үлгі
1	Қаныққан май қышқылдары	34,7	37,3	38,4
2	Моноқанықпаған май қышқылы	34,7	36,0	38,3
3	Полиқанықпаған май қышқылы	30,6	21,6	31,5

Гүл тозаңының құрамында маңызды майқышқылдардың жеткілікті мөлшері болғандықтан, бақылау үлгісіне қарағанда №1 үлгісінің қаныққан майқышқылдары 1,1 г, моноқанықпаған майқышқылдары 2,3 г, полиқанықпаған майқышқылдары 9,9 г артты. Тәуліктік норманың шегінен асып түсіп, оң нәтиже көрсетті. Алынған мәліметтер негізінде №1 үлгісінің майқышқылдық құрамы ең жоғары биологиялық құндылыққа ие екендігі анықталды. Гүл тозаңын пайдалану қантты печенье дайындаудың технологиялық процесінің және техникалық қолдануының параметрлерін қиындатпайтынын атап өткен жөн.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері қантты печенье технологиясында гүл тозаңын пайдалану өнімнің органолептикалық сапа көрсеткіштерін жақсартып, тағамдық және биологиялық құндылығын арттырды. 3 г тозаңды қосудың арқасында бақылау үлгісінен №1 үлгісінің ақуыз мөлшері 0,31%, май мөлшері 3,44% және көмірсу мөлшері 15,48% жоғарылаған. Бақылау үлгісіне қарағанда №1 үлгісінің алмаспайтын аминқышқылдары 13% артқан. Ал майқышқылдық құрамы бақылау үлгісіне қарағанда №1 үлгісінің қаныққан майқышқылдары 1,1 г, моноқанықпаған майқышқылдары 2,3 г, полиқанықпаған майқышқылдары 9,9 г көбейді. Тәуліктік норманың шегінен асып түсіп, оң нәтиже көрсеткен. Алынған мәліметтер негізінде №1 үлгісінің майқышқылдық құрамы ең жоғары биологиялық құндылыққа ие екендігі анықталған. Зерттеу қант печеньесіне гүл тозаңын қосу өнімді дұрыс тамақтануға бағытталған тұтынушылар үшін пайдалы ете отырып, бірегей артықшылықтар беретінін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Халапханова, Л.В. Использование нетрадиционного сырья производстве мучных кондитерских изделий [Текст] / Л.В. Халапханова // Техника и технологии продуктов питания. – 2014. – № 3. – С. 258-262.
2. Типсина, Н.Н. Использование крыжовника в мучных кондитерских изделиях [Текст] / Н. Н. Типсина // Вестник КрасГАУ. – 2015. – № 4. – С. 41-44.
3. Faisal T., Greet K. The role of sugar and fat in sugar–snap cookies: Structural and textural properties // Journal of Food Engineering, 2009. Vol. 90, No. 3. P. 400-408.

4. Tkachenko A. Consumer properties improvement of sugar cookies with fillings with non-traditional raw materials with high biological value // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies, 2016. Vol. 81, No. 3/11. P. 54-61.
5. Лоцманов, А.С. Использование продуктов пчеловодства для повышения пищевой ценности тортов и пирожных [Текст] / А.С. Лоцманов // Техника и технология пищевых производств. – 2011. – № 3. – С. 119-126.
6. Медянцева, А.Н. Цветочная пыльца в технологии пшеничного хлеба [Текст] / А.Н. Медянцева // Инновационная техника и технология. – 2017. – № 4. – С. 66-72.
7. Katsumi W. Amino Acid Composition, Oxidative Stability, and Consumer Acceptance of Cookies Made with Quinoa Flour // Food Science and Technology Research, 2014. Vol.20, No. 3. P. 687-691.
8. Канарская, З.А. Тенденции развития технологии кондитерских изделий [Текст] / З.А. Канарская // Вестник ВГУИТ. – 2016, – № 3. – С. 195-204.
9. Zhuoyun T., Ran Y. Flower Pollen-Based Photosensitization Process for Enhanced Solar Disinfection of Drinking Water: Reactor Design and Inactivation Mechanisms // ACS ES&T Engineering, 2022. Vol. 4, No. 2. P. 629-641.
10. Типсина, Н.Н. Использование порошка голубики в мучных кондитерских изделиях [Текст] / Н. Н. Типсина // Вестник КрасГАУ. – 2015. – № 11. – С. 150-154.
11. Боташева, Х.Ю. Повышение биотехнологического потенциала мучных кондитерских изделий [Текст] / Х.Ю. Боташева // Фундаментальные исследования. – 2015. – № 11. – С. 32-36.
12. Щербакова, Е.И. Обоснование использования нетрадиционного сырья в производстве мучных кондитерских [Текст] / Е.И. Щербакова // Вестник ЮУрГУ. Серия «Пищевые и биотехнологии». – 2014. – № 3. – С. 94- 99.
13. Абуова, А.Б. Применение инновационных технологий в производстве мучных кондитерских изделий [Текст] / А. Б. Абуова // Евразийский Союз Ученых. – 2015. – № 11. – С. 31-34.
14. Типсина, Н.Н. Использование порошка облепихи в производстве кондитерских изделий [Текст] / Н. Н. Типсина // Вестник КрасГАУ. – 2013. – № 5. – С. 223-228
15. Rungach N. Rational nutrition as a prerequisite for eliminating the risk of overweight: public opinion and practice // Search life-sciences literature, 2018. Vol. 71, No. 3. P. 551–557.

Материал редакцияга 02.05.24 түсті.

А.Ж. Оразов¹, Г.З. Каирғалиева¹, Д.С. Жаксығалиева¹, А.Қ. Амантай¹

¹Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана,
г. Уральск, Казахстан

ВЛИЯНИЕ ЦВЕТОЧНОЙ ПЫЛЬЦЫ НА ПИЩЕВУЮ ЦЕННОСТЬ САХАРНОГО ПЕЧЕНЬЯ

Аннотация. В работе изучено влияние цветочной пыльцы в качестве биологически активного сырья для повышения пищевой ценности сахарного печенья. Приведены результаты разработки рецептуры сахарного печенья с высокой пищевой ценностью. Показано, что цветочная пыльца, содержащая сахар, флавоноиды, витамины, минералы и незаменимые аминокислоты, может использоваться в качестве биологически активного сырья. При производстве сахарного печенья в пшеничную муку высшего сорта вносилась цветочная пыльца в количестве 3 г, 5 г, 7 г, 9 г. Определены физико-химические показатели, пищевая и биологическая ценность сахарного печенья с добавлением цветочной пыльцы. Содержание белка в готовом продукте увеличилось на 0,31%, жиров на 3,44%,

углеводов на 15.48%. Основываясь на результатах исследования, использование цветочной пыльцы в сахарном печенье повысило пищевую ценность продукта и придало продукту особый вкус и аромат. Добавление цветочной пыльцы в сахарное печенье улучшило потребительские свойства продукта, сделав его более полезным для потребителей, ориентированных на здоровое питание.

Ключевые слова: мучная выпечка, сахарное печенье, цветочная пыльца, мед, пищевая добавка.

A.Zh. Orazov¹, G.Z. Kairgalieva¹, D.S. Zhaksygalieva¹, A.K. Amantay¹

¹Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University,
Uralsk, Kazakhstan

INFLUENCE OF POLLEN ON THE NUTRITIONAL VALUE OF SUGAR COOKIES

Abstract. The paper studies the effect of flower pollen as a biologically active raw material to increase the nutritional value of sugar cookies. The results of the development of the recipe of sugar cookies with high nutritional value are presented. It is shown that flower pollen containing sugar, flavonoids, vitamins, minerals and essential amino acids can be used as biologically active raw material. In the production of sugar cookies, flower pollen in the amount of 3 g, 5 g, 7 g, 9 g was added to wheat flour of the highest grade. Physico-chemical parameters, nutritional and biological value of sugar cookies with the addition of flower pollen were determined. The content of protein in the finished product increased by 0.31%, fats by 3.44%, carbohydrates by 15.48%. Based on the results of the study, the use of flower pollen in sugar cookies increased the nutritional value of the product and gave the product a special flavor and aroma. The addition of flower pollen to sugar cookies improved the consumer properties of the product, making it more useful for health-conscious consumers.

Keywords: flour confectionery, sugar cookies, flower pollen, honey, food additive.

References

1. Khalapkhanova L.V. Ispol'zovaniya netraditsionnogo syr'ya proizvodstve muchnykh konditerskikh izdeliy [Use of non-traditional raw materials in the production of flour confectionery products] // *Tekhnika i tekhnologii produktov pitaniya* [Equipment and technology of food products], 2014. No. 3. P. 258-262, [in Russian].
2. Tipsina N.N. Ispol'zovaniye kryzhovnika v muchnykh konditerskikh izdeliyakh [The use of gooseberries in flour confectionery products] // *Vestnik KrasGAU* [Bulletin of Krasnoyarsk State Agrarian University], 2015. No. 4. P. 41-44, [in Russian].
3. Faisal T., Greet K. The role of sugar and fat in sugar–snap cookies: Structural and textural properties // *Journal of Food Engineering*, 2009. Vol. 90, No. 3. P. 400-408.
4. Tkachenko A. Consumer properties improvement of sugar cookies with fillings with non–traditional raw materials with high biological value // *Eastern–European Journal of Enterprise Technologies*, 2016. Vol. 81, No. 3/11. P. 54-61.
5. Lotsmanov A.S. Ispol'zovaniye produktov pchelovodstva dlya povysheniya pishchevoy tsennosti tortov i pirozhnykh [The use of beekeeping products to increase the nutritional value of cakes and pastries] // *Tekhnika i tekhnologiya pishchevykh proizvodstv* [Equipment and technology of food production], 2011. No. 3. P. 119-126, [in Russian].
6. Medyantseva A.N. Tsvetochnaya pyl'tsa v tekhnologii pshenichnogo khleba [Flower pollen in wheat bread technology] // *Innovatsionnaya tekhnika i tekhnologiya* [Innovative equipment and technology], 2017. No. 4. P. 66-72, [in Russian].

7. Katsumi W. Amino Acid Composition, Oxidative Stability, and Consumer Acceptance of Cookies Made with Quinoa Flour // *Food Science and Technology Research*, 2014. Vol.20, No. 3. P. 687-691.
8. Kanarskaya, Z.A. Tendentsii razvitiya tekhnologii konditerskikh izdeliy [Trends in the development of confectionery technology] // *Vestnik VGUIT [Bulletin of Voronezh State University of Engineering Technologies]*, 2016. No. 3. P. 195-204, [in Russian].
9. Zhuoyun T., Ran Y. Flower Pollen–Based Photosensitization Process for Enhanced Solar Disinfection of Drinking Water: Reactor Design and Inactivation Mechanisms // *ACS ES&T Engineering*, 2022. Vol. 4, No. 2. P. 629-641.
10. Tipsina N.N. Ispol'zovaniye poroshka golubiki v muchnykh konditerskikh izdeliyakh [The use of blueberry powder in flour confectionery products] // *Vestnik KrasGAU [Bulletin of Krasnoyarsk State Agrarian University]*, 2015. No. 11. P. 150-154, [in Russian].
11. Botasheva KH.YU. Povysheniye biotekhnologicheskogo potentsiala muchnykh konditerskikh izdeliy [Increasing the biotechnological potential of flour confectionery products] // *Fundamental'nyye issledovaniya [Fundamental Research]*, 2015. No. 11. P. 32-36, [in Russian].
12. Shcherbakova Ye.I. Obosnovaniye ispol'zovaniya netraditsionnogo syr'ya v proizvodstve muchnykh konditerskikh [Justification for the use of non-traditional raw materials in the production of flour confectionery] // *Vestnik YUUrGU. Seriya «Pishchevyye i biotekhnologii» [Bulletin of South Ural State University. Series “Food and Biotechnologies”]*, 2014. No. 3. P. 94- 99, [in Russian].
13. Abuova, A.B. Primeneniye innovatsionnykh tekhnologiy v proizvodstve muchnykh konditerskikh izdeliy [Application of innovative technologies in the production of flour confectionery products] // *Yevraziyskiy Soyuz Uchenykh [Eurasian Union of Scientists]*, 2015. No. 11. P. 31-34, [in Russian].
14. Tipsina N.N. Ispol'zovaniye poroshka oblepikhi v proizvodstve konditerskikh izdeliy [The use of sea buckthorn powder in the production of confectionery products] // *Vestnik KrasGAU [Bulletin of Krasnoyarsk State Agrarian University]*, 2013. No. 5. P. 223-228, [in Russian].
15. Ryngach N. Rational nutrition as a prerequisite for eliminating the risk of overweight: public opinion and practice // *Search life–sciences literature*, 2018. Vol. 71, No. 3. P. 551–557.

FTAMP 65.09.03

Т.Ч. Тултабаева¹ – негізгі автор, ©
Г.Н. Жақупова², Қ.Қ. Мекангали³, А.Т. Сағандық⁴,
А.Х. Мулдашева⁵, А.Т. Ахметжанова⁶



¹Техн. ғылым. д-ры, доцент, ²Техн. ғылым. канд., доцент,
³PhD, аға оқытушы, ^{4,5}Оқытушы, ⁶Докторант

ORCID

¹<https://orcid.org/0000-0003-2483-7406> ²<https://orcid.org/0000-0001-7714-4836>
⁴<https://orcid.org/0000-0001-5480-933X> ⁵<https://orcid.org/0000-0003-0116-0260>
⁶<https://orcid.org/0009-0002-2584-654X>



^{1,2,3,4,5,6}С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті,



Астана қ., Қазақстан



¹aygerim_talgatqyzy@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/QPRI2056>

СИММЕНТАЛЬ СИЫРЛАРЫНЫҢ УЫЗ СҮТІНІҢ ФИЗИКА- ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ШИКІЗАТ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада Ақмола облысының симментальды тұқымды сиырларының уыз сүтінің сапасын зерттеу нәтижелері келтірілген. Сиыр уызында биологиялық белсенді заттардың едәуір мөлшері бар, бұл оны функционалды бағыттағы өнімдер технологиясында қолдануға мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде сиыр уызының химиялық құрамы сиырларды төлдеу кезеңінен бастап өткен уақытқа байланысты екендігі анықталды. Төлдегеннен кейінгі бірінші күні сауылған уыз сүтіндегі ақуыз мөлшері 24 және 36 сағаттан кейін сауылған уыз сүтінен үш есе жоғары екені анықталды. Сондай-ақ, уыз сүтінде 1 күн және 2 күн құрғақ заттардың жоғары мөлшері анықталды. Биологиялық белсенді компоненттердің кең спектрін ескере отырып, мамандандырылған тамақ өнімдерін әзірлеуге болады.

Тірек сөздер: биологиялық белсенді қоспалар, сүт, уыз, химиялық құрамы.



Тултабаева, Т.Ч. Симменталь сиырларының уыз сүтінің физика-химиялық құрамын тамақ өнімдерін өндіруге арналған шикізат ретінде зерттеу [Мәтін] / Т.Ч. Тултабаева, Г.Н. Жақупова, Қ.Қ. Мекангали, А.Т. Сағандық, А.Х. Мулдашева, А.Т. Ахметжанова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №2(84). – Б.54-63. <https://doi.org/10.55956/QPRI2056>

Кіріспе. Дұрыс тамақтанбау дамушы және дамымаған елдерде кеңінен таралған ол балалардың денсаулық жағдайымен тығыз байланысты маңызды мәселе болып табылады. Өмір сүру ұзақтығы мен өлім-жітім деңгейін денсаулық жағдайының көрсеткіштері ретінде көрсетті және иммунитеті нашар нәрестелер мен балалар арасындағы өлім-жітімнің алаңдатарлық көрсеткіштерін түсіндірді. Мұндай популяцияларды уыз сүті мен оның препараттарымен тамақтандыру арқылы пассивті иммундау бұрыннан насихатталған.

Уыз сүті – бұл төлдегеннен кейін сау, сауын жануарды толығымен беру арқылы алынған сүт бездерінің алғашқы секрециясы. Бұл табиғи антиденелердің (иммуноглобулиндер – Ig), микробқа қарсы ақуыздардың (лизоцим, лактоферрин және лактопероксидаза) және бірқатар болжамды функциялары бар өсу факторларының ең бай көзі [1]. Көптеген зерттеулер жануарлар мен адамдарды пассивті иммундау, асқазан-ішек жолдарының бұзылуын жақсарту, спортшылардың жұмысын жақсарту және т.б. үшін уыз сүтін қолдануды ұсынды. Құрғақ препарат имунотерапиялық қасиеттерді сақтаудың ең қолайлы түрі болып табылады. Оларды сақтау, тасымалдау, қалпына келтіру және қолдану оңай. Алайда, уыз сүтінің биоактивті заттарының, атап айтқанда иммуноглобулиндердің термиялық өңдеуге осалдығы уыз сүтін коммерциялық өңдеуді шектейді [2,3].

Табиғи тамақ шикізатын пайдалану негізінде биологиялық құндылығы жоғары өнімдердің технологиясын әзірлеу және өндіру "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы" мемлекеттік бағдарламасында тұжырымдалған маңызды міндеттер болып табылады.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ), Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы(ФАО), сондай-ақ басқа да халықаралық ұйымдар микроэлементтер мен дәрумендердің жетіспеушілігі әртүрлі ауруларға, әсіресе жүрек-қан тамырлары, аллергиялық, аутоиммунды және инфекциялық ауруларға әкелетінін анықтады. Емдік-профилактикалық мақсаттағы тамақ өнімдері технологиясын дамытудың ең перспективалы бағыттарының бірі – сиыр уызы – ақуыз, иммуноглобулиндер, минералдар, дәрумендер және басқа да биологиялық белсенді қосылыстардың көзі. Иммундық түзету мен денені қорғауды қамтамасыз ететін сиыр уызының функционалдық қасиеттері иммуноглобулин, лактоферин және басқа белсенді компоненттердің болуына байланысты [4,5].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында уыз сүтін жинау және өңдеу жүргізілмейді. Орташа алғанда, бір сиыр 40 л-ге дейін уыз сүтін беретінін ескерсек, бұзау тәулігіне 18 л ғана тұтынады, ал қалған уыз сүті өнеркәсіптік ауқымда іс жүзінде қолданылмайды. Шетелде, әсіресе АҚШ пен Францияда уыз сүті әртүрлі диеталық коспаларды өндіру үшін қолданылады. Сүтпен салыстырғанда уыз сүтінде (колострум) ақуыздар 5 есе көп (олардың 60-80%-ы сарысулық ақуыздар, негізінен иммуноглобулиндер), Ca, Mg, P, Fe және т.б. сияқты минералдар 1,5 есе көп. Сондай-ақ, A, E, D, C дәрумендерінің мөлшері сиыр сүтіне қарағанда 3 есе көп [6].

Сиыр уыз сүті мен оның компоненттері имундық реттеу қабілеті мен микробқа қарсы белсенділік арқылы жүрек-қан тамырлары, аутоиммунды, онкологиялық ауруларды қоса алғанда, әртүрлі ауруларды емдеу үшін қолданылатыны анықталды. Демек, сиыр уызын қолдану негізінде тамақ технологиясын дамыту өзекті мәселе болып табылады. Уыз сүтін тамақ технологиясында қолданудың ең тиімді әдісі кептіру әдісі болып табылады [7]. Қазіргі кезеңде кептірудің әртүрлі түрлері бар, бұл көбірек қызығушылық тудырады, өйткені ол тамақ өнеркәсібінде көптеген пайдалы әсерлер береді. Алайда, ең жақсы әсер сублимациялық кептіру арқылы көрсетіледі. Мұздатып кептіруді қолдану, сиыр уызында ұнтақ түрінде болатын тағамдық компоненттерді, антиоксиданттарды, жасушаларды және ферменттерді тағамға қосу қиын. Кептіру арқылы сиыр уызының биоактивті қосылыстарын қорғаудың, тұрақтандырудың, ерігіштігінің және бақыланатын босатудың тамаша қасиеттері қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, кептірілген уызды

қолдану әсер ету тиімділігін арттырады, сиыр уызын тамақ өнеркәсібінде қолдану аясын кеңейтеді, азық-түліктің жарамдылық мерзімін ұзартады және азық-түлік құнын төмендетеді [8].

Азық-түлік өндірісінде сиыр уызын қолдану бойынша зерттеулер, олардың дайын өнімге әсері аз. Осыған байланысты сиыр уызын қайта өңдеу және уыз сүтін қолдана отырып ет және сүт өнімдерінің технологиясын әзірлеу бойынша өндіріске енгізілген зерттеулердің жеткіліксіз саны байқалады, олардың құрамдас бөліктері адам денсаулығына оң әсер етеді [9].

Нутрацевтика және функционалды азық-түлік нарығы тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруға бағытталған айтарлықтай ілгерілеуді көрсетеді. Қазіргі уақытта адамдар жаңа және қауіпсіз тағамдық ингредиенттерді іздейді, олар тек қоректік заттардың көзі ғана емес, сонымен қатар олардың денсаулығына пайда әкеледі және әл-ауқатты қамтамасыз етеді. Бұл тұжырымдама тұтынушылардың назарын тағамдық биологиялық белсенді қосылыстарға, қоректік заттарға және функционалды тағамдарға аударады [10].

Әлеуеті жоғары бағаланбаған биологиялық белсенді тағамдардың бірі сиыр уызының әсерінен болады. Бұл әлемнің түкпір-түкпірінен келген ғалымдардың үлкен қызығушылығына ие. Сиыр сүті – бұл жаңа туған бұзауда пассивті иммунитет рөлін атқаратын, қорғанысқа кепілдік беретін және асқазан-ішек жүйесінің дамуына көмектесетін иммунологиялық агенттерге бай жем немесе қалыптан тыс сүт. Оның құрамы құрғақ заттарға, ақуыздарға, иммуноглобулиндерге, майларға және өсу факторларына бай, бұл оларды фармацевтикалық және тағамдық туындыларды жасауда қолдануға қызығушылық тудырады [11].

А.Г. Храмов және басқалар сиыр уызының қорғаныш заттарына (бактерияға қарсы факторларға) зерттеу жүргізді. Олар уыз сүті жаңа туған бұзауларға ғана емес, балаларға, спортшыларға, қарт адамдарға, туберкулезбен, асқазан жарасымен және қант диабетімен ауыратындарға да пайдалы деп санайды. Уыз сүтінің құрамында микробқа қарсы және вирусқа қарсы қасиеттері бар лактоферрин, лактопероксидаза және лизоцимнің едәуір мөлшері бар екені белгілі. Лактопероксидаза бактериялардың көбеюін реттеу арқылы липосахаридтердің байланысуына әсер етеді, ал лактоферрин бірқатар грам-позитивті және теріс бактериялардың уытты қасиеттеріне, сондай-ақ вирусқа қарсы қасиеттерге ие, ал лизоцим иммундық жүйеге грам-позитивті бактериялардың пептидогликан компонентіне шабуыл жасап, бактериялық лизис тудырады. Оның микробқа қарсы, саңырауқұлаққа қарсы және уыз сүтінің вирусқа қарсы әсері *E. coli*, ротавирус және криптоспоридий сияқты кейбір патогендерді жоюға мүмкіндік береді. [12].

Сондықтан, мәселенің шешімі симменталь сиырларының уыз сүтінің физика-химиялық құрамын тамақ өнімдерін өндіруге арналған шикізат ретінде өңдеу және алу технологиясын әзірлеу болып табылады [13,14]. Жалпы талаптар мемлекеттік стандарт бойынша келесі 1-кестеде келтірілген. 2-кестеде сиыр уызының дәрумендері көрсетілген.

Кесте 1

Сиыр уызының физикалық-химиялық талдау көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бірінші сауылым	Екінші сауылым	Үшінші сауылым
1	2	3	4
Тығыздығы, А	53,4	43,74	33,62

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Үлес салмағы	1,056	1,040	1,035
pH	6,32	6,32	6,33
Құрғақ зат, %	23,9	17,9	14,1
Жалпы ақуыз, %	14,0	8,4	5,1
Казеин, %	4,8	4,3	3,8
Альбуминдер, %	0,9	1,1	0,9
Иммуноглобулиндер,%	6,0	4,2	2,4
Май,%	6,7	6,4	3,9
Лактоза, %	2,7	3,9	4,4
Күл %	1,11	0,95	0,87
Са, %	0,26	0,15	0,15
Mg, %	0,04	0,01	0,01
К, %	0,14	0,13	0,14
Na, %	0,07	0,05	0,05

Кесте 2

Сиыр уызының дәрумендері

Дәрумендер	Бірінші сауылым	Екінші сауылым	Үшінші сауылым
A (ретинол), мкмоль/л	10,33	6,65	3,96
D (кальциферол), моль/л	4,53	3,38	2,23
E (токоферол), мкмоль/л	19,32	17,48	12,88
C (аскорбин қышқылы),	0,14	0,13	0,13
B1 (тиамин),мкмоль/л	1,72	1,71	1,75
B2 (рибофлавин)	1,92	2,22	2,52
B3 (пантоген қышқылы), мкмоль/л	7,79	11,09	14,40
B4 (холин), ммоль/л	5,74	2,79	1,89
B6 (пиридоксин), мкмоль/л	1,97	2,58	2,27
B12 (цианокобаламин)н моль/л	28,9	23,7	18,5
H (биотин), н моль/л	41,0	45,5	70,9

Зерттеу шарттары мен әдістері. Физикалық-химиялық және органолептикалық зерттеулерді анықтау бойынша эксперименттік зерттеулер С. Сейфуллин атындағы ҚАЗАТИУ «Сүт және сүт өнімдерін өңдеу жөніндегі өндірістік-эксперименттік цехтың» базасында сондай-ақ «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының ғылыми зертханасында жүргізілді.

Зерттеу барысында қолданылатын негізгі физика-химиялық талдаулар төменде келтірілген:

– «Сүттің (шикілей)» МЕМСТ 3624-92. Анықтау әдістері титриметриялық қышқылдықтар;

– Radwag та 60.3 у ылғал өлшегішінде уыздың ылғалдылығы анықталды;

– Белсенді қышқылдық рН-метрді қолдана отырып Потенциометриялық әдіспен анықталды МЕМСТ 8.135-2004 техникалық және метрологиялық сипаттамалары. Оларды анықтау әдістері.

– Ақуыздардың, майлардың және қатты заттардың құрамы сұйық және қатты материалдарды талдау үшін ft-Nir жақын инфрақызыл Tango

bruger зертханалық спектрометрдің көмегімен анықталды, спектрлік диапазон 11500-4000 см⁻¹.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Уыз сүтінің технологиясын әзірлеу үшін әртүрлі мөлшерлері таңдалды [15]. Уыз алу үшін шикізат ретінде «Симменталь» сиыр уызы қолданылды. Сүттің физика-химиялық және органолептикалық көрсеткіштері МЕМСТ 71167-2023 «Сиыр уызы (шикілей)» талаптарына сәйкес келді. Деректер 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3

Органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш атаулары	Төлдегеннен кейін алынған уыз сүтінің нормасы		
	Бірінші күн	Екінші күн	Жетінші күн
Консистенция	Тығыз, қаймақ тәрізді		Тұнбасыз немесе қабыршақсыз біртекті сұйықтық
Түсі	Қоңыр-сарыдан сары-кремге дейін		
Дәмі	Тұзды-ащы		

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, уыздың МЕМСТ-қа сәйкес келетіндігі және барлық талаптарға сай келетіндігі анықталды. Шикі, жаңа сүтті уыз сүтіндегі физика-химиялық көрсеткіштерді анықтау үшін талдаулар жүргізілді. Бақылау үлгісі ретінде қолданыстағы МЕМСТ-71167-2023 пайдаланылды. Зерттеу деректері 4 кестеде келтірілген.

Кесте 4

Уыздың салыстырмалы стандарт бойынша көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Сүт МЕМСТ-31450-2013	Бақылау үлгісі «УЫЗ» Бірінші күн	Уыз МЕМСТ-71167-2023 Бірінші күн	Бақылау үлгісі «УЫЗ» Екінші күн	Бақылау үлгісі «УЫЗ» Үшінші күн	Уыз МЕМСТ-71167-2023 Үшінші күн
1	Қышқылдылы, °Т, артық емес	20-21	58	60	40	24	32
2	Құрғақ заттар, % кем емес	8,2	19,17	19,0	17,11	13,45	13,15
3	Ақуыз, % кем емес	3	13,34	12,0	7,54	3,98	3,55
4	Лактоза, % артық емес	4,6	5,54	-	4,48	4,51	-
5	Май, % кем емес	2,8	4,08	4,5	3,96	3,95	4,5

Кестеде келтірілген талдау деректері уыздың талаптарға сай екенін көрсетеді. Салыстырмалы сипаттама үшін сиыр сүті туралы мәліметтер қолданыстағы МЕМСТ 3624-92-қа сәйкес келтірілген. 5-кестеде қолданыстағы МЕМСТ-71167-2023 сәйкес бірінші және үшінші күні бақылау үлгісі ретінде алынған уыздың химиялық құрамына сілтемелер келтірілген. Алайда, зерттеу жұмысында сиырларды сауу күн сайын, 5 күн бойы жүргізілді. Деректер алғашқы үш күнде келтірілген, өйткені сауудың үшінші күнінен кейін уыздың химиялық құрамы сиыр сүтінің құрамына жақын болды және ғылыми құндылығы жоқ. Зерттеу барысында сүтпен салыстырғанда уыз сүтінде құрғақ заттардың мөлшері жоғары екендігі анықталды. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, сүтпен салыстырғанда, жаңа

сауылған уыз сүтіндегі құрғақ заттардың мөлшері алғашқы тәулікте екі есе, ал ақуыз мөлшері 4 еседен асады. Алайда, үшінші күні уыз сүттің құрамына жақындайды, сондықтан оның құнды тағамдық қасиеттері де төмендейді. Келесі зерттеулерде бірінші және екінші күндік уызды тұтыну оңтайлы деген қорытынды жасауға болады. Одан әрі қарай зерттеу үшін уыз сүті 72-75°C температурада кем дегенде 20 секунд пастерленеді. Зертханалық жағдайда әрі қарай пастерленген уыздың негізгі көрсеткіштерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізілді.


Кесте 5

Сиыр уызының физикалық-химиялық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	«Пастерлеуге дейін» УЫЗ Бірінші күн	«Пастерлеуден кейін» УЫЗ Бірінші күн	«Пастерлеуге дейін» УЫЗ Екінші күн	«Пастерлеуден кейін» УЫЗ Екінші күн	«Пастерлеуге дейін» УЫЗ Үшінші күн	«Пастерлеуден кейін» УЫЗ Үшінші күн
1	Қышқылдылық, °Т, артық емес	55	58	50	47	35	50
2	pH	4,92	4,55	6,41	4,35	6,49	4,59
3	Құрғақ заттар, % кем емес	19,17	19,20	18,80	18,88	13,04	14,0
4	Ақуыз, % кем емес	13,34	11,0	3,67	3,51	4,1	4,0
5	Май, % кем емес	4,08	5,0	3,95	3,41	3,55	3,25

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, пастерлеу процесі уыздың сапасын төмендетпейтіні анықталды, бірақ сонымен бірге сақтау мерзімін арттырады. Жалпы, уыз сүті құнды ақуыздың көзі болып табылады және жүргізілген зерттеулер ақуыздың мөлшері сауудың үшінші күніне қарай баяу төмендейтінін дәлелдейді. Алғашқы екі күнде уыз сүті ең құнды биологиялық белсенділікке ие. Сиыр сүтіндегі ақуыздардың 75% құрайтын казеин биоактивті қасиеттерге ие, соның ішінде иммуномодельдеу және антиоксиданттық белсенділігі. Осы қасиеттерді ескере отырып, келесі жұмыстарда төлдегеннен кейінгі алғашқы 3 күнде алынған уызға терең зерттеу жүргізу жоспарлануда. 1-суретте сүт пен уыздың салыстырмалы сипаттамасы келтірілген.

Жұмыстың мақсаты симменталь сиырларының уыз сүтінің физика-химиялық құрамын тамақ өнімдерін өндіруге арналған шикізат ретінде зерттеу болып табылады. Суретте көрсетілгендей, уыздың сандық және сапалық мөлшері сиыр сүтінен едәуір асып түседі. Демек, уыз биологиялық белсенді қоспа ретінде қарастырылуы керек құнды өнім болып табылады, өйткені уызда болатын биоактивті компоненттер микробқа қарсы әсерге ие және асқазан-ішек жолындағы зақымдалған тіңдердің қалпына келуіне ықпал етеді.



Сурет 1. Сүт пен уыздың бақылау үлгісі

Қорытынды. Осылайша, сиыр уызының физикалық-химиялық және биологиялық қасиеттері сиыр сүтінен айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл қасиеттерді одан әрі зерттеу ерекше ғылыми-практикалық қызығушылық тудырады, өйткені сиыр сүті макро- және микроэлементтер мен иммуномодуляторлардың бай көзі болып табылады. Сондықтан сиыр уызын адамның күнделікті тамақтануында биологиялық активті қоспалар (БАД) ретінде қолдану назар аударуға тұрарлық.

Әдебиеттер тізімі

1. Самбуrow, Н. Молозиво коров его состав и биологические свойства [Текст] / Н. Самбуrow, И. Палаус // Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии. – 2014. – № 4. – С. 59-61.
2. Симурзина, Е. Технология выпойки первых порций молозива новорожденным телятам [Текст] / Е. Симурзина, Р. Караулов // Материалы всероссийской (национальной) научно-практической конференции, посвященной Дню российской науки. – 2023. – № 4. – С. 547-551.
3. Палиа, А. Встановлення бактеріального обсіменіння молозива корів з розробкою пристрою впоювання [Текст] / А. Палиа // Вестник Сумского национального аграрного университета. Серия: Животноводство. – 2020. – № 1 (40). – С. 72-81.
4. Сидоренко, С.В. Физико-химические свойства и состав молозива коров в зависимости от их возраста и уровня продуктивности [Текст] / С.В. Сидоренко // Актуальные проблемы интенсивного развития животноводства. – 2010. – № 13. – С. 360-366.
5. Смолин С.Г. и др. Сравнительный анализ физико-химического состава молозива, полученного от коз зааненской породы и у коров черно-пестрой породы при содержании их на зооферме [Текст] / С.Г. Смолин и др. // Вестник Красноярского государственного аграрного университета. – 2019. – № 10 (151). – С. 82-87.
6. Леонтьева, С.А. и др. Молозиво коров-перспективное сырье для производства пищевых продуктов [Текст] / С.А. Леонтьева и др. // Индустрия питания. – 2021. – Т. 6. – № 2. – С. 23-33.
7. МакГрат Б.А. и др. Состав и свойства коровьего молозива: обзор [Текст] / Б.А. МакГрат // Молочная наука и технология. – 2016. – Т. 96. – С. 133-158.

8. Каскус, С. Иммуноглобулин в молозиве и здоровье новорожденных телят (обзор) [Текст] / С. Каскус, А. Фадлелмоула // Научный обзорный журнал. – 2015. – № 4. – С. 242–249.
9. Пуппель К., и др. Состав и факторы, влияющие на качество коровьего молозива: Животные [Текст] / К. Пуппель и др // Научный обзорный журнал. – 2019. – № 12. – С. 4-10.
10. Овчаренко, Э. Биологические свойства и использование молозива в животноводстве и медицине I. Физиолого-биологические аспекты обзор [Текст] / Э. Овчаренко // Проблемы биологии продуктивных животных. – 2012. – № 1. – С. 16-26.
11. Вестхофф, Т. Приглашенный обзор: Факторы питания и рациона, влияющие на выработку и состав молозива у молочных коров [Текст] / Т. Вестхофф, С. Борхардт, С. Манн // Научный журнал по молочным продуктам. – 2024. – № 1. – С. 24-27.
12. Марков, В. и др. Изменения в профиле жирных кислот и показателях здоровья молозива крупного рогатого скота в первые дни лактации и их влияние на здоровье человека [Текст] / В. Марков и др. // Пищевая химия. – 2024. – С. 139042.
13. Халавах, Т. и др. Влияние степени гидролиза на антиоксиданты с алкалазой и антигенные свойства гидролизатов белков сыворотки и молозива [Текст] / Т. Халавах и др. // Журнал сельскохозяйственных и пищевых исследований. – 2024. – Т. 15. – С. 100975.
14. Лоретц, О. и др. Физико-химические показатели коровьего молозива и молока при применении продуктов биотехнологического производства [Текст] / О. Лоретц и др. // Вестник биотехнологии. – 2018. – № 1. – С. 14-14.
15. Поборска, А. и др. Способы скармливания молозива и их влияние на пассивный иммунитет [Текст] / А. Поборска и др. // Ветеринарный центр Аста в Брно. – 2021. – Т. 90. – № 1. – С. 21-25.

Бұл жұмыс ИРН BR21882184 «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар кешенін құру және биологиялық құндылығы жоғары ет-сүт өнімдерін әзірлеу» гранттық жоба аясында жүргізілді (2ПЦФ-МНВО/24).

Материал редакцияға 06.05.24 түсті.

**Т.Ч. Тұлтабаева¹, Г.Н. Жакупова¹, Қ.Қ. Макангали¹, А.Т. Сағандық¹,
А.Х. Мұлдашева¹, А.Т. Ахметжанова¹**

¹*Казахский агротехнический исследовательский университет имени
С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан*

ИССЛЕДОВАНИЕ ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКОГО СОСТАВА МОЛОЗИВА КОРОВ СИММЕНТАЛЬСКОЙ ПОРОДЫ КАК СЫРЬЯ ДЛЯ ПРОИЗВОДСТВА ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ

Аннотация. В представленной статье приведены результаты исследований качества молозива коров симментальской породы Акмолинской области. Коровье молозиво содержит значительное количество биологически активных веществ, что дает возможность использовать его в технологии продуктов функционального направления. В результате проведенных исследований установлено, что химический состав коровьего молозива зависит от времени, прошедшего с момента отелы коров. Определено, что содержание белка в молозиве, собранного в первый день после отела в три раза выше, чем в молозиве, собранном через 24 и 36 часов. Также,

установлено высокое содержание сухих веществ в молозиве 1 дня и 2 дня. Учитывая, широкий спектр биологически активных компонентов представляется возможным разработка специализированной пищевой продукции.

Ключевые слова: биологически активные добавки, молоко, молозиво, химический состав.

